

**Куәландырушы орталықтың Web Тіркеу
орталығын пайдалану арқылы
сертификаттарды шығару бойынша ҚБЕАО
жүйелерін пайдаланушыларға арналған**

НҰСҚАУЛЫҚ

ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

Жүйелік талаптар

32 разрядтық немесе одан жоғары Windows XP (service pack 2) лицензиялық операциялық жүйенің басқаруымен жұмыс істейтін дербес компьютер, 6-нұсқалы немесе одан жоғары Internet Explorer браузері.


Жұмыс істеуге қажетті БЖ

- 1) «Tumar CSP» ақпаратты криптоқорғау құралы (<https://ca.kisc.kz/webra/res-open/devinfo.htm>);
- 2) Adobe Flash Player өзекті нұсқасы (https://ca.kisc.kz/webra/install_flash_player_ax.exe).


Tumar CSP қондырғысы

Жаңа сертификатқа сұратуды жасақтау және жіберу үшін орналастырылған **Tumar CSP** криптоқорғау құралының болуы қажет.


Орнату үшін **TumarCSP.exe** файлын қосыңыз және орнату шеберінің нұсқауларын орындаңыз:



1-сурет.




2-сурет.



3-сурет.

Tumar CSP конфигураторының профайлын редакциялау:


- 1) Tumar CSP Конфигураторын ашыңыз (Іске қосу - Барлық Бағдарламалар – **Gamma Tech - Tumar CSP v.4 – TumarCSP Конфигураторы**);
- 2) Банк берген USB-порт токенге салыңыз;
- 3) **JavaToken** профайлында тінтуірдің оң жақтағы батырмасын басыңыз және «Профайлды өзгерту» дегенді таңдаңыз. «Сақтау құрылғысының параметрі» жолында "**SafeNet Token JC 0**" мәндері көрсетілген, «Сақтау» дегенді басыңыз (4-сурет).




4-сурет.

Куәландырушы орталықтың сайтына кіру

- 1) Куәландырушы орталықтың сайтында авторландыру үшін <https://ca.kisc.kz/> сілтемесіне кіру қажет;
- 2) Сертификат бойынша кіру үшін «Сертификат бойынша» қанат белгісін қойыңыз, содан кейін «Кіру» батырмасын басыңыз (5-сурет) және тізімнен сізге қажетті сертификатты таңдаңыз (6-сурет). Кіру үшін сізде бір сертификат болса сертификаттар тізімі бар терезе шығарылмайды.




5-сурет.



6-сурет.

Сертификатты шығару

Авторландырылғаннан кейін сіз жеке кабинетіңіздің парағында боласыз (7-сурет). Сертификатты шығаруға сұратуды жасақтау үшін «Сертификатты шығаруға сұрату» батырмасын басыңыз:



7-сурет.

«Құрылғы» жолында - **JavaToken** таңдаңыз және "Пайдаланушының құрылғысына құпия сөз" жолына әдепкі құпия сөз – **1234567890** енгізіңіз. Содан кейін «Сұратуды жіберу» батырмасын басыңыз (8-сурет):

Детализация

Параметры

Устройство: JavaToken - JavaToken

Сертификат для подписи: C=KZ, O=АО НУРБАНК, CN=БОБЕТАЕВА АКЕРКЕ БАХТЫЯРОВНА, UID=ПИН850128400435, E=abobetayeva@nurbank.kz

Пароль на устройство пользователя:


Печать заявлений:

Лог процесса:

Инициализировать Отмена

8-сурет.

Сертификатты шығаруға сұрату жасақталғаннан кейін сертификаттардың ойдағыдай орнатылғандығы жөнінде хабарлайтын ақпараттық терезе көрсетіледі (9-сурет):



9-сурет.